

**цюЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК**

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры

_____ Е.Т.Кайпулдаев

«_____» _____ 2025ж

**Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы 2024-2025 оқу
жылына арналған тәрбие жұмысына жылдық сараптама талдау**

ДТІЖО: Ғ.С. Мыкышова

**Луговой ауылы
2024/2025 оқу жылы**

2024 – 2025 оқу жылындағы Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің біртұтас тәрбие жұмысына жылдық сараптама талдауы

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.
- Тұлғаның рухани, адамгершілік, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5.Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

6.Рухани, адамгершілік, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстайды; құқықтық мәдениеті қалыптасады.

Тәрбие саласы бойынша кездесетін жұмыстың түрлері:

- ❖ Норкологиялық бекет жұмысы
- ❖ Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстары
- ❖ Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы
- ❖ Даналық мектебі
- ❖ Қыздар кеңесі
- ❖ Ұлдар кеңесі

Мектептегі тәрбие жұмысының жүргізілу сапасы.

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны негізінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Мемлекет басшысы еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын тәрбие моделін «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғымымен сипаттап, құндылыққа негіздеді.

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Әрбір құндылық оқу, тәрбие процесінде жүйелі түрде көрінеді. Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды: сынып сағаты 34/33, жалпы мектепшілік іс-шара 42, 6 - құндылық, 6 - жоба, 6 - алдын алу іс-шарасы.

Тәрбие жоспары құндылықтарды қалыптастырудағы күнделікті, апта, ай сайын өткізілетін тұрақты іске асырылатын іс-шараларды қамтиды. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолданылды. Әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлу ұсынылды, яғни қауіпсіздік сағаты өткізілді. Тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың білім, білік және дағдыларының сипаты ұсынылды. Ұсынылған құндылықтар жүйесін мектеп педагогтері сынып сағаттарын мақсатты түрде жоспарлауда және күнделікті сабақ мазмұнына кіріктіруде қолдана алды. Бұл білім алушылардың бойына құндылықтарды дарытуда және олардың табысты әлеуметтенуіне, зияткерлік және тұлғалық дамуына, сондай-ақ Қазақстанның болашақ азаматтарының кәсіби қалыптасуына ықпал ете алды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жұмыс жоспары жасалынып, бірқатар жұмыстар жүргізілді. Оқу жылының басында атқарған жұмыстарға талдау жасау арқылы 2024-2025 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларына бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітілді, оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне бірыңғай талаптар қойылды. Мектептегі тәртіпті жақсарту мақсатында кезекшілер кеңесі құрылып бір жылғы сыныптар арасында кезекшілік кесте жасалынып жұмыстар атқарылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы жоспарға сай сабақтар өткізілді. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

2024 -2025 оқу жылының қыркүйек – мамыр айлары аралығында төмендегідей іс шаралар атқарылды. Білім күніне арналған "Мектебім -

мейірім мекені "тақырыбында мектептің барлық қауымдастығының қатысуымен 1,11 сынып оқушылары үшін салтанатты шара өткізілді.

Мектеп оқушыларымен 2 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 1-11 сыныптарында "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында біріңғай тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сабақтары ҚР Мемлекеттік Әнұранымен, апта дәйексөздерімен басталды.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталды. Оқушыларға патриоттық сезімді ояту мақсатында Қазақстан Республикасының рәміздері туралы, сонымен қатар, аумағы, облыстары туралы видеоролик, презентация көрсетіліп, сынып жетекшілер тарапынан түсінік жұмыстары жүргізілді. Жоспарға сай "Қауіпсіздік сабақтары" өткізілді.

5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай мектебімізде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктерінің ұйымдастыруымен «Тілі бірдің – туы бір» атты мерекелік іс-шара өтті.

Бұл күн – “Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл” деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Ахметтің әрбір даналы сөзі ғасырлар көшінен ұрпаққа қалдырған ұлы аманаты. Тіліміздің мерейін асқақтатуда мектеп өнерпаздары тақырып аясында қара өлең оқып, әсем әндерін көрермен назарына тарту етті.

Жұмыс барысында: баяндамалар тыңдалды, жатқа тіл туралы өлеңдер оқылды, тіл мәртебесі мен қолданылуы төңірегінде пікір бөлісті, мақал-мәтелдер айтып жарысты. Шара барысында оқушылар белсене қатысып, тақырып төңірегінде өз қызығулықтарын көрсетті. Ана тіліміздің абыройы асқақтай берсін

Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында «Мемлекеттік тіл» мәселесін назардан тыс қалдырмай, қазақ тілінің қолданыс ауқымы жылдан жылға кеңейіп келе жатқандығын жеткізді. Дегенмен, ел президенті бүгінгі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты жолдауында да қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала беретіндігін және ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігін ерекше атап өтті.

Қоғамда жиі талқыланып жүрген, көптің көкейіндегі мәселелер барынша қамтылған жолдауда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін арттыру бағытындағы бағдарымызды айқындап берді.

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспарына сәйкес ата-аналардың болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында "Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» атты 1-11 сыныптар арасында ата-аналар жиналысы өткізілді.

2024 жылдың 16 қыркүйегінде "Денсаулық-зор байлық" атты ұранмен дене шынықтыру пән мұғалімдері мен педагог ұйымдастырушының ұйымдастыруымен денсаулық фестивалі марафоны болып өтті.

Денсаулық фестиваліне мектептің 5-7 сынып оқушылары қатысты. "Абайлаңыз, балалар!" жедел профилактикалық іс-шарасы негізінде оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету, көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу мақсатында "Жол қауіпсіздігі" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен бірге, мектеп инспекторлары мен мұғалімдер тарапынан балаларға жол қозғалысы ережелерін, көшеде өздерін дұрыс ұстау, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Отбасы – адам өмірінде кездесетін бағалы құндылықтың бірі. Жер жаһанда жанұясынан жылулық, ата-анасынан махаббат, шаңырағынан шаттық іздемейтін адам жоқ-ау, сірә? Өйткені, күрмеуге келмейтін қысқа ғұмырда көңілді көтеріп, жанды жадырататын бірден-бір орын отбасы. "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында, жоспарға сәйкес. "Отбасы" күніне орай "Отбасы – бақыт мекені!" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Өзін-өзі басқару " ұйымының ұйымдастыруымен "Біртұтас тәрбие бағдарламасы " аясында, жоспарға сәйкес «Бұрымды қыз» атты челленджі өткізілді.

“Қамқор” жобасы-қазан айында "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" акциясы жүзеге асырылды.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында “Еңбек күні” мерекесіне орай "Еңбек түбі - береке" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жоспарына сәйкес "Ерікті ісі - қайырымдылықтың бір қанаты!" тақырыбында 11 сынып оқушылары арасында ерікті топ құрылып, үлкендерге көмек көрсетті.

Жақсылық жасау, сүрінгенге сүйеу, жылағанға тіреу бола білу - әрбір адамның азаматтық борышы.

«Менің сыныбым буллингке қарсы» тақырыбындағы челленджге 9-сынып білім алушылары өз үлестерін қосуда.

Оқушылар «Буллинг» сөзінің мағынасы мен мәнін танып түсінуі барысында қысқаша бейне көрсетілімдер дайындады. Негізгі идеясы - жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын рөлдік ойындарға бөліну арқылы болашақта болдырмауға күш салды.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізіндегі “Шабыт” жобасы аясында "Даналық ұстаздан" челленджі ұйымдастырылды. Челленджге мектеп оқушылары қатысты.

«Ұстаз тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар қоғамда еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық және тәрбиелілік сынды қасиеттерді қалыптастыратын көшбасшылықтың үлгісі. «Даналық ұстаздан» челленджі педагогтердің ұрпаққа сіңірген еңбегіне ризашылығымыз бен құрметімізді көрсетеді. Мектебімізде мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» іс-шарасы ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны 9-11 сынып оқушылары өткізді.

Жоспар бойынша алдын ала өзін өзі басқару күнін өткізу ережесі,

мақсаты мен міндеттері, өткізу форматы мен тәртібі айқындалды. Мектеп парламенті мен жоғары сынып оқушыларынан бастамашыл топ құрылып, бір күн мұғалімдерге дублер болды. Дублер оқушылар сабаққа ынтықтасымен дайындалып, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, қызықты әрі жоғары деңгейде өткізді. Шара соңын қорытындылай келе, оқушылар "Дублер күні" алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қызығы мен қиындығы туралы өзара пікірлерімен бөлісті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 25 қазан - Республика күні мерекесіне орай «Республикам – мақтанышым!» тақырыбында

"Тәуелсіздік және отаншылдық" құндылығына баулуда мектепте 4 "А" сынып оқушыларымен "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Құндылық: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы» Тәрбие сағатында оқушылар белсенді қатысты. Жоғары сынып оқушылары мен ата-аналардың арасында «Ойынға салауатты көқарас» тақырыбында әңгіме өтті.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында мектебімізде бастауыш сыныптар арасында "Күзгі асар" жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

"Біздің таңдауымыз жемқорлықсыз болашақ" тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір — біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай — қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және терең ғасырлық тамыры бар. Шараға 11 оқырман қатысты. Ұлттық пікірсайыс турнирінің жұмыс жоспары бойынша клуб жетекшісі оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс таңдау жасау керектігін ұғындыру мақсатында "Мамандық таңдаудың кілті неде?" тақырыбында дебат өткізді. Дебатқа 9-10- сынып оқушылары қатысты.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жоспарына сәйкес сыныптарда "Республикам-мақтанышым!" тақырыбында сонымен қатар "Отаным-алтын бесігім!" дәйек сөзін басшылыққа ала отырып сынып сағаты өтілді

"Қауіпсіз балалық шақ" 1-4, 5-9 сыныптарда «Қауіпсіз қоғам» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Демалыста кітап оқимыз» атты Буккроссинг акциясы өткізілді. Мектеп білім алушылары акцияға белсене қатысып, өздерінің оқыған кітаптарын бір-біріне сыйға тартты. 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күніне орай «Ұлттық валюта-теңге» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 8-9 сыныптар арасында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ұлттық тәрбиеге менің көзқарасым» тақырыбында пікір сайыс өткізілді.

Мектеп психологы Қарабаева Айнұр ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстарын тиімді ұйымдастырды. Оқуға құштар жобасы аясында «Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?» тақырыбында байқау өтті. 2025 жылы 29 қаңтар күні Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің базасында «Тұлға

калыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие берудің маңызы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Аудандық семинарға аудан бойынша директордың тәрбие, құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» жобасы аясында спорттық үйірмелердің жанды жұмысы көрсетіліп, оқушылардың қолынан жасалған ұлттық құндылыққа тұнған көрмелер таныстырылды. Балаларды көрісу күнімен таныстыру, оның маңызын түсіндіру, бір – біріне ізгі тілек айтуға үйрету, көпшілік ортада достық пен сыйластықты нығайту мақсатында “Ерекше білімді қажет ететін” оқушылар мен ата-аналарына әлеуметтік педагогтердің ұйымдастыруымен «Амал келді, жарқын күн!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс –шарада мектеп мұғалімдері мен “Балалар мен жасөспірімдер” клубының директоры Д.Б. Альпеисовтің демеушілік есебінен балаларға сыйлықтар табысталды. Іс-шараға келген ата-аналардың мектеп мұғалімдеріне деген ыстық лебіздері тыңдалды. 2025 жылдың 13 наурызында Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің базасында «Қазақтың амалы-татулықтың қамалы» тақырыбында аудандық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен іс-шара өткізілді. Іс-шараға мектеп ата-аналары, мектеп мұғалімдері қатысты. 2025 жылдың 23 мамыр күні "Болашақ жастардың қолында " атты шәкіртақы тағайындау кеші өтті, бұл кеш -жас жеткіншектеріміздің жетістіктерін бағалай отырып , оларды ынталандыру және болашаққа сеніммен қарауына бір қадам жасау кеші. Ғылым мен өнерде көзге түскен,қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен ерекшеленген, облыстық және республикалық жарыстар мен олимпиада жеңімпаздарына, яғни 31 оқушыға шәкіртақы табысталды.Бұл табысталған шәкіртақы Луговой ауылының өркендеуіне үлес қосқан азаматтардың ұрпақарының демеушілігімен ұйымдастырылды. Шәкіртақы тағайындау кеші тек материалдық қолдау ғана емес,сонымен қатар жастардың білімге, ізденіске,алға ұмтылуға деген сенімін арттыратын маңызды сәт. Бұл шәкіртақы - еңбектің,білімнің, табандылықтың ,нәтижесі.

Норкологиялық бекет жұмысы
2024-2025 оқу жылындағы зиянды заттарды қолданудың алдын алу
мақсатында наркологиялық бекеттің жұмысына жылдық қорытынды
талдау

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ету, зиянды әдеттердің (есірткі, темекі, алкоголь) алдын алу, құқық бұзушылықтың, девиантты мінез-құлықтың алдын алу.

Қыркүйек айында мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен наркологиялық бекеттің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес:

Қыркүйек айында дене шынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Денсаулық фестивалі» атты оқушылар арасында спорттық ойындар өткізілді. Мақсаты: оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануы, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және оң әлеуеттенуіне жағдай жасау. Іс-шара 5-6 сынып оқушыларымен спорттық ойындар түрінде өтті.

Қазан айында мектеп психолгы А.Карабаева және А.Сәрсенбиеваның ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушыларымен «Оқушылар арасында зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу» тақырыбында дәріс өткізілді. Мақсаты: оқушылардың психоактивті заттарға (есірткі, электронды темекі, шылым, алкоголь) қарсы тұрақты көзқарасын қалыптастыру. Оқушылардың белсенділігі жоғарғы деңгейде болды, Сонымен қатар оқушылар арасында насыбай, темекіге бейім оқушыларды анықтау (анонимді) сауалнама алынды.

Қараша айында Н.Ахметбекова және сынып жетекшілірдің ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» тақырыбында наркологиялық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өтті. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру.

Желтоқсан айында мектеп медбикесі Л.Төлегенованың ұйымдастыруымен «Дені саудың- жаны сау» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен кеңес әңгіме түрінде іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушылардың психикалық және физикалық саулығының өзара байланысын түсіндіру, денсаулықты сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Қаңтар айында мектеп медбикесі Л.Төлегенова мен У.Қадырдың ұйымдастыруымен «Денсаулық басты байлық» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен дәрігер кеңесі өткізілді. Мақсаты: оқушыларға салауатты

өмір салты негіздері мен зиянды әдеттердің (темекі, газдалған сусын, т.б) зардаптары туралы нақты медициналық түсінік беру.

Наурыз айында мектеп психологы А.Қарабаеваның ұйымдастыруымен 10 сынып оқушыларымен «Адам – өмірі басты құндылық» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, өмірлік қиындықтарға қарсы тұра білу, өз өміріне жауапкершілікпен қарауды үйрету.

Сәуір айында мектеп тәлімгері Г.Кодыкова мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушыларымен «Зиянды әдеттен аулақ бол» тақырыбында қабырға газеті шығарылды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту арқылы зиянды әдеттерге қарсы теріс көзқарасын қалыптастыру.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдері А.Қантарбаев, Н.Қойлыбеков, М.Сағындыков, Д.Қарабаевтың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларымен «Спорт денсаулық кепілі» атты көңілді старт ойындары өткізілді. Мақсаты: дене белсенділігі арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, командалық рухты қалыптастыру.

Мамыр айында 8-11 сынып оқушыларымен «Балалардың есірткі құралдарын тарату мен пайдалануға қатысу деректерінің алдын алу үшін ата – аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: ата-аналарға нашақорлық, психоактивті заттар мен синтетикалық есірткілердің түрлері, белгілері және салдары туралы нақты ақпарат беру.

Жыл бойында өткізілген іс – шаралар оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына оң ықпал етіп, зиянды әдеттердің алдын алу бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыс арқылы есіркіге қарсы ортақ жауапкершілік қалыптастыруға қадам жасалды. Әр іс – шарадан кейінгі кері байланыс оқушылардың белсенділігін, ой-өрісінің кеңдігін көрсетті.

ҚР Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстары туралы

Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп - лицейі бойынша 2024 – 2025 оқу жылында Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау бойынша жоспар құрылып, аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Ұлттық стандартқа сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою жөніндегі мектеп директорының №202 бұйырығына сәйкес мектепшілік комиссия құрамы бекітілді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздері Заңнама негіздеріне сәйкес талапқа сай орналастырылған. Мектептің барлық кабинеттерінде мемлекеттік рәміздер ілінген. Мектептің бірінші қабатындағы дәлізінде рәміздерге арналған оқшауланған бұрыш жасақталған. Мектеп басшысының кабинетінің оң жағында Мемлекеттік Ту және Елтаңба талапқа сай орналасқан.

Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар атқарылды: Қыркүйек айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттеріне сәйкес жалпы білім беретін мектептерде аптаның әр дүйсенбісі 1-ші сабақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимн орындау мен сынып сағаттарының бірыңғай күні болып белгіленді. Қазан айында «Мемлекеттік рәміздер еліміздің нышаны» тақырыбында акция ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар арасында «Бұл – біздің Ту, Бұл – біздің Әнұран, Бұл біздің Елтаңба» тақырыбында сурет байқауы өткізілсе, 6-7 сыныптар арасында «Шарықта, шырқа көкте, көк байрағым!» патриоттық әндер байқауы өткізілді. 25 қазан Республика күніне орай бір уақытта оқушылар мен педагогтер Мемлекеттік Гимн орындалды. Мемлекеттік Гимн орындау мақсаты: Оқушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету, мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет, Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру. Қараша айында тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушыларының қатысуымен 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Мемлекеттік рәміздер - ел мәртебесі" тақырыбында викториналық ойыны сыныптар арасында өтті. Желтоқсан айында «Қызыл жебе» дебат клубы «Рәміздерге құрмет –қастерлі міндет» тақырыбында пікір- сайыс турнирін өткізілді. Қаңтар айында Қазақстан Республикасының Рәміздерін насихаттау мақсатында "Еліміздің рәміздері –егемендігіміздің айғағы" тақырыбында 1-11 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Ақпан айында көркем еңбек пәнінің ұйымдастыруымен 6-7 сыныптар арасында «Елтаңбасы елімнің неткен әсем, әдемі!» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Наурыз айында 1-11 сыныптар арасында «Туым-намыс, ұраным-бірлік, рәміздерім мақтанышым» тақырыбында танымдық сағаттар өткізілді. Мамыр айында 8-9 сынып оқушылары арасында «Рәміздерім-елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі» тақырыбында пікірсайыс турнирі өткізілді.

Наурыз айында көріктендіру, көгеріштендіру, санитарлық тазалық айлығын өткізу жұмыстары жүргізілді. Мектепте «Жаңару күні» ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Іс шара жоспарына сәйкес мектеп түлектері мен мектеп оқушылары ат салысты. Мектеп-лицейінің аумағына ағаш көшеттерін,гүлзарлар отырғызып, тал-дарақтарды ақтау, аббаттандыру, тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аталмыш сенбілікке мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, мектеп қызметкерлері, "Жас ұлан" ұйымының мүшелері, "Өзін-өзі" басқару ұйымының мүшелері бір кісідей ат салысты.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

Анықтама

«Өркен» ұлттық ғылыми-практикалық балалар әл-ауқаты институтының ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралған 2024 жылғы 16 тамыздағы №5 хаттамасы негізінде 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, мектепшілік бұйрық шығарылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі әдістемелік нұсқауларда ата-аналарға арналған сабақтардың жаңартылған мазмұны ұсынылды.

АПҚО сабақтарының мазмұнының негізі : Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі балалардың әл-ауқаты ұғымына негізделген, өйткені ата-аналар баланы дамыту мен тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Өзара сыйластық пен қолдау отбасының әрбір мүшесіне басқаларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты сезінуге көмектеседі – бұл құндылықтар қақтығыстар мен дауларды тиімді шешу, ымыраға келу және бір-бірін түсіну қабілетін қалыптастырады. Отбасында әл-ауқатты қалыптастыру және қолдау оның барлық мүшелерінің үнемі күш-жігерін, назарын және қамқорлығын талап етеді, ал үй ортасы - бала білім алып, дами бастайтын алғашқы орта. Мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» психология кабинетінің жанынан арнайы бұрыш ашылды. кабинетінің жанынан арнайы бұрыш ашылды.

2024-2025 оқу жылында ата-аналарға 101 сабақтар өткізіліп, 1173 ата-аналар қамтылды. “Даналық мектебі” клубы мектепте құрылып, мектепшілік бұйрық шығарылды, іс – шара жоспары бекітілді. Даналық клубы бойынша:

«Аталар мектебі»

«Әжелер мектебі»

«Жеңгелер мектебі»

«Ағалар мектебі» жұмыс жасайды.

**2024 -2025 оқу жылы Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп - лицейінде 5-11
сынып оқушыларының жылдық қорытындысы бойынша тәрбиелік
деңгейі**

Сынып	Сынып жетекші	Сабақ а қатысу	Жалпы тәртібі	Сынып сағатының өтілуі	Сынып бөлмесінің тазалығы	Мектеп формасы	3-сабақтан кейінгі тазалақ	Күнделікті жағдайы	Жалпы
5 А		5	5	5	5	5	5	5	35
5 Ә		4	4	4	4	5	5	5	30
5 Б		5	5	5	5	5	5	5	35
5 В		4	3	4	5	5	4	4	29
5 Г		4	4	5	5	4	4	5	31
6 А		5	5	4	5	5	5	4	33
6 Ә		5	4	4	4	5	5	4	31
6 Б		5	5	5	5	5	5	4	34
6 В		3	4	4	4	5	5	4	29
6 Г		4	3	4	4	4	4	4	27
6 Д		5	5	5	5	4	5	4	33
6 Е		3	4	4	4	3	4	4	26
7 А		5	4	5	4	4	5	4	31
7 Ә		5	4	5	5	5	4	4	32
7 Б		5	5	5	5	5	5	5	35
7 В		4	4	4	4	4	5	4	29
7 Г		4	4	4	5	5	5	4	31
7Д		4	4	4	4	4	3	4	27
8 А		3	4	3	4	4	4	4	26
8 Ә		5	5	4	5	5	5	5	34
8 Б		3	3	4	4	4	4	4	26
8 В		4	4	5	5	4	5	5	32

8 Г		3	4	4	4	4	4	4	27
9А		5	4	4	5	4	4	4	30
9Ә		4	4	4	4	4	4	4	28
9 Б		5	5	5	5	5	5	5	35
9 В		5	4	4	4	4	4	4	29
9 Г		4	4	4	4	4	4	4	29
10А		4	4	5	5	4	4	4	30
10Ә		4	4	4	5	4	4	4	29
10 Б		4	4	5	5	4	5	4	31
10 В		5	5	4	5	5	5	5	34
11 А		4	4	4	5	4	5	5	31
11 Ә		5	4	4	4	4	5	4	30
11 Б		4	3	4	4	4	5	4	28
11 В		4	3	4	5	4	5	4	28

2024-2025 оқу жылғы көркем еңбек, музыка пәні бойынша оқушылардың ауданнан келген хаттар бойынша жетістіктері.

№	Байқаулардың атауы	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Харалық-аралық	Қатысушылар саны	Жеңімпаздар саны
1	«Зияткер» өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылары арасында өткен «Отан-оттан да ыстық!»			1 дәрежелі Диплом		2	2

2	« Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында «Ғажайып Жаңа жыл»			1 дәрежелі Диплом		1	1
3	Өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында аудандық « Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы»	3 орын диплом				1	1
4	«Адал азамат» атты сурет байқауы	1 орын				1	1
5	«Кемел» өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен Ә.Қастеевтің 120 жылдығына орай балабақша тәрбиеленушілері және мектеп оқушылары арасында сурет салудан өткен «Бояулар құпиясының сыры»			1 дәрежелі Диплом		1	1
6	«Төлеген Айбергенов» оқуларының облыстық кезеңінде «Барады кең дүние әнге айналып»		3 орын			1	1
7	2.ж/ж. «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының «Қыс ғажайыптары» атты екінші республикалық шығармашылық сурет байқауы			1 дәрежелі Диплом		5	5
8	«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының «Қыс ғажайыптары» атты екінші республикалық шығармашылық сурет байқауы			2 дәрежелі Диплом		5	5
9	«Шебер қолдар» бейне – челленджіге 6 сынып оқушылары «Жұмысшы мамандықтарын қолдай отырып өз челледжісін	Қатысты				+	+

	NikTok жолдады						
10	«Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында 03.03.2025-24.04.2025 жыл өткізілген «Гүлденген көктем» атты Республикалық онлайн сайысында «Қолөнер» номинациясы бойынша			1 дәрежелі Диплом		1	1
11	«Аспара» Мәнерлік өнер және бизнес колледжі ұйымдастырған «Қазақ даласының қазыналары» атты оқушылар арасындағы сурет байқауына қатысқаны үшін		Диплом			1	1
12	«Наурыз шуағы- береке бастауы» атты балалар шығармашылығы көрме байқауына «Кескіндеме және графика» номинациясында шығармашылығымен ерекшеленген	Бас жүлде				1	1
13	«Наурыз шуағы- береке бастауы» атты балалар шығармашылығы көрме байқауына «Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер» номинациясында шығармашылығымен ерекшеленген	3 орын				1	1
14	«Аналар –асыл жандар» ән байқауына	Алғыс хат				1	1
15	«Бояулар құпиясы» сурет байқауы	Алғыс хат 3 орын				2	2

2024-2025 жаңа оқу жылында Республикалық, облыстық, аудандық байқауларға дарынды оқушыларымыз қатысып, нәтижесі төмендегідей.

Дарынды оқушымен жұмыс бағыты

Республикалық- «Зияткер» өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылары арасында өткен «Отан-оттан да ыстық!» атты республикалық байқауда ерекше өнер көрсетіп, жеңімпаз атанғаны үшін Варозали Нұрайым, Бейшенкүл Кәусар 1 дәрежелі Дипломмен марапатталды, жетекшісі: Батракова Гульайым.

«Кемел» өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен Ә. Қастеевтің 120 жылдығына орай балабақша тәрбиеленушілері және мектеп оқушылары арасында сурет салудан өткен «Бояулар құпиясының сыры» атты республикалық байқауда ерекше өнер көрсетіп Қажмахан Нұрсезім 1 дәрежелі Дипломмен марапатталды, жетекшісі: Сейтімбетова Гүлсім.

« Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында 09.12.2024 -27.01.2025 жыл аралығында «Қыс қызығы» тақырыбы аясында өткізілген «Ғажайып Жаңа жыл» атты республикалық онлайн байқауында сурет салу номинациясы бойынша Құралбек Гүлім 1 дәрежелі Дипломмен марапатталды жетекшісі: Бәкірқызы Ұлбосын.

« Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында 09.12.2024 -27.01.2025 жыл аралығында «Қыс қызығы» тақырыбы аясында өткізілген «Ғажайып Жаңа жыл» атты республикалық онлайн байқауында сурет салу номинациясы бойынша Керімбай Дария, Сейсенбай Әсем 1 дәрежелі Дипломдармен марапатталды-жетекшісі: Мусаева Лаура.

«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен 2025ж қаңтар айында мектеп оқушылары арасында өткізілген екінші республикалық **« Қыс ғажайыптары»** атты сурет байқауына өнер көрсетіп жеңімпаз атанғаны үшін 3 «Ә» сынып оқушы Илясов Мадияр, Әжікен Нұрболат , 2 «Д» сынып оқушы Алтынбек Әділет, 1 «А» сынып оқушы Сабыр Ержан, 2 «Г» сынып оқушы Саятбай Зейнеп 1 дәрежелі Дипломдармен марапатталды-жетекшісі А. Еркимбекова.

«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен 2025ж қаңтар айында мектеп оқушылары арасында өткізілген екінші республикалық **« Қыс ғажайыптары»** атты сурет байқауына өнер көрсетіп жеңімпаз атанғаны үшін Қадырлы Аршат, Алишер Каусар, Мәлік Айша,Қажмахан Айару,Әділжан Раяна екінші дәрежелі Дипломмен марапатталды-жетекшісі Г.Ахатаева.

«Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында 03.03.2025- 24.04.2025 жыл өткізілген «Гүлденген көктем» атты Республикалық онлайн сайысында **«Қолөнер»** номинациясы бойынша Құралбек Гүлім 1 дәрежелі Дипломмен марапатталды- жетекшісі: Ұ.Бәкірқызы.

Облыстық- Жалпы орта білім беретін 5-11 сынып оқушылар арасындағы республикалық «Төлеген Айбергенов» оқуларының облыстық кезеңінде

«Барады кең дүние әнге айналып» бағыты бойынша 10 сынып оқушысы Алимкулова Елдана 3 орын иеленді жетекшісі: Жанділда Тұрар.

«Аспара» Мәнерлік өнер және бизнес колледжі ұйымдастырған «Қазақ даласының қазыналары» атты оқушылар арасындағы сурет байқауына қатысқаны үшін жақыб Балнұр Дипломмен марапатталды- жетекшісі Мусаева Л.

Аудандық- Өскекен ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында аудандық «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты жас суретшілер байқауында 7 «В» сынып оқушысы Панзура Інжу III орын дипломмен марапатталды Жетекшісі: Бәкірқызы Ұлбосын.

«Шебер қолдар» бейне –челленджіге 6 сынып оқушылары «Жұмысшы мамандықтарын қолдай отырып өз челленджісін TikTok жолдады- жетекшісі Ұ.Бәкірқызы.

Аудандық «Адал азамат» атты сурет байқауында шығармашылығымен ерекшеленген Жақып Балнұр I орын иеленді жетекшісі: Мусаева Лаура.

«Наурыз шуағы- береке бастауы» атты балалар шығармашылығы көрме байқауына «Кескіндеме және графика» номинациясында шығармашылығымен ерекшеленген Керімбек Дария Бас жүлде иеленді- жетекші: Л.Мусаева. «Наурыз шуағы- береке бастауы» атты балалар шығармашылығы көрме байқауына «Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер» номинациясында шығармашылығымен ерекшеленген Едик Іңкәр III орын иеленді- жетекшісі: А. Еркимбекова.

«Бояулар құпиясы» атты жас суретшілердің аудандық байқауында Жақыб Балнұр III орын иеленді –жетекшісі: Л. Мусаева.

«Жас ұланның – жұлдызы!» атты патриоттық ән байқауында 14-17 жас ерекшелігі бойынша Назарбай Меруерт II орнынмен марапатталды – жетекшісі Г.Батракова.

«Алтын қазна»көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының аудандық көрме –байқауында 11-17 жас аралығы «Тоқыма бұйымдарын дайындау» номинациясы бойынша Құралбек Гүлім II орнынмен марапатталды –жетекшісі: Ұ.Бәкірқызы.

«Аналар –асыл жандар» ән байқауына Варозали Нұрайым қатысқаны үшін Алғыс хат иеленді-жетекшісі: Г.Батракова. «Бояулар құпиясы» сурет байқауына Жақыб Балнұр 3- орын иеленді –жетекшісі : Л.Мусаева және Қуандық Жасмин қатысқаны үшін алғыс хат иеленді- жетекшісі: А.Еркимбекова.

Спорт саласындағы жетістіктер

№	Олимпиада атауы	аудандық	облыстық	республикалық	Қатысушылар саны	Жеңімпаздар саны

1	Мектеп лигасы 9-11 сынып футбол спорт түрі бойынша	1	1		13	13
2	Мектеп лигасы 5-6 сынып волейбол спорт түрі бойынша	3			8	8
3	Мектеп лигасы 9-11 сынып Шахмат ойыны	1	1		5	5
4	Мектеп лигасы 9-11 сынып Баскетбол ойыны	1			5	5
5	Мектеп лигасы 9-11 сынып Гандбол ойыны	1			7	7

Каипова Айару Ниязбекқызы- мектеп мақтанышы, дарынды, олимпиада чемпионы, халықаралық, республикалық, облыстық шахмат турнирінің жеңімпазы.

2024-2025 оқу жылында қараша-желтоқсан айларында аудандық мектеп лигасы өткізілді. Мектеп лигасының футбол спорт түрі бойынша мектебіміздің 9-11 сынып ұл балалар командасы 3 орын иеленіп, облысқа жолдама алды. Жетекшілері: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бекхожаев.Б.Көбесалиев.Б. Мектеп лигасының аудан волейбол спорт түрі бойынша 5-6 сынып қыз балалар командасы 3 орынға ие болды. 9-11 сынып оқушылары 2 орынға ие болды. Жетекшілері: Мадалиев Асқар, Сагындыков Медет. Мектеп лигасының Баскетбол спорт түрі бойынша 9-11 сынып оқушылары 2 орынға ие болды. Жетекшілері: Нурсеитов Т.М.Кантарбаев А.М Мектеп лигасының Гандбол спорт түрі бойынша 9-11 сынып оқушылары 4 орынға ие болды. Жетекшілері: Нурсеитов Т.М.Кантарбаев А.М. Мектеп лигасының аудан обл.Шахмат спорт түрі бойынша 9-11 сынып оқушылары 1-3 орынға ие болды. Жетекшісі: Кадиров.Канат

**Тұрар Рысқұлов мектеп – лицейіндегі Мерекелік күндер мен атаулы
даталар және әр түрлі іс шаралардың әлуеметтік желілерге
жарияланғандығы туралы мәліметтер**

№	Іс-шараның тақырыбы	Іс-шараның түрі	Суреттері	Ссылкасы
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 6 сыныптар арасында «Мамандықтар әлемі» атты буклет байқауы өтті.	Байқау		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2567665636768897/?mibextid=wwXIfr&rdid=naRluxSTkvF0VjHy&share_url=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fshare%2Fv%2F1AstKM3Udd%2F%3Fmibextid%3DwwXIfr#
2	«Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие берудің маңызы»	Аудандық семинар		https://www.facebook.com/share/v/1AUDTb8BJd/?mibextid=Nif5oz
3				
4	«Қазақтың амалы-татулықтың қамалы»	Іс шара		https://www.facebook.com/share/v/1AgF4djfR4/?mibextid=Nif5oz
5	«Болашақ жастардың қолында»	Шәкіртақы		https://www.facebook.com/share/v/1AsJaQLa4c/?mibextid=Nif5oz
6	«Қайырымдылық» акциясы	Акция		

				
7	Балалар кітапханасы бағдарламасын іске асыру аясында Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы	Әдеби пост		https://www.facebook.com/share/v/1AwMLL4oBW/
8	Балалар кітапханасы бағдарламасын іске асыру аясында «Оқитын мектеп-табысты мектеп»	Бейнеролик		https://www.facebook.com/share/p/1KJNspmSJR/
9	Балалар кітапханасы бағдарламасын іске асыру аясында «Менің сүйікті кітабым-Абай шығармалары»	Республикалық челлендж		https://www.facebook.com/share/p/19DsetVFBG/
10	Балалар кітапханасы бағдарламасын іске асыру аясында «Кітап оқитын Әулиеата өңірі»	Оқушыларды кітап оқуға шақырады		https://www.facebook.com/groups/362813478478321/permalink/1434207648005560/?sfnsn=wa&ref=share&mibextid=KtfwRi
11	"Таза Қазақстан" іс-шарасы аясында "Жасыл әлемді бірге құрайық"	Акция		https://www.facebook.com/share/v/1BYPLRrWhE/

12	"Суды үнемде- болашақты сақта"	Сынып сағаты		https://www.facebook.com/share/p/18W1i3acVT/
13	«Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі»	Акция		https://www.facebook.com/share/p/1Fd9eNd7A2/
14	«Жаңару күні»	Ағаш отырғызу акциясы		https://www.facebook.com/share/v/16ofCNsyf8/
15	«Ұлттық киім» күні	челлендж		https://www.facebook.com/share/v/1ArY7cVctP/
16	«Шабыт» жобасын іскеасыру бағытында «Ұлттық мәдениет»	Көрме		https://www.facebook.com/share/p/15sKiqTniQ/
17	“Өмірге салауатты қадам ”	Эстафеталық жарыс		https://www.facebook.com/share/v/166DgBZTe8/
18	Ұшқыр ой алаңы жобасы аясында "Қызыл жебе" клубының ұйымдастырумен «Ұлттық тәрбиеге менің көзқарасым»	Пікір сайыс		https://www.facebook.com/share/v/1Ai1jSgkcb/

19	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»	Пікірсайыс		https://www.facebook.com/share/v/14FL5gEp1zE/
20	"Қауіпсіз мектеп"	Акция		https://www.facebook.com/share/p/1FpyGjKMCw/